

Бекітемін:

«№36 «Топотушки» балабақшасы»

МККК директоры

О.А.Ергизова



Оқыту-тәрбиелеу жұмысының жылдық жоспары
2021-2022 оқу жылы

I. Балабақша жұмысының 2020-2021 оқу жылына талдауы

Балабақшада ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес құрылды. Педагогикалық кеңесте бағдарламаның негізгі білім беру салалары: денсаулық, коммуникация, таным, шығармашылық, әлеуметтік бойынша жылдық жұмыс жоспары, тәрбиелеу жұмысының жоспарлары, оқу қызметінің кестесі әзірленіп, бекітілді.

Кәсіпорын алға қойылған көздеген мақсатқа жету үшін келесі қызмет түрлерін іске асырады:

- мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие саласында мемлекеттік тапсырыстың орындалуы;
- мектепке дейінгі тәрбие саласында жеке және басқа да заңды тұлғалар тапсырыстарының орындалуы;
- балабақшаға балаларды тәрбиелеуге, білім беруге, оқытуға толық шығыны өтелген соң, келісім - шарт арқылы қабылдау,
- балалар мерекесін ұйымдастыру;
- емдік-профилактика шаралары;

«№36 Топотушки» балабақшасы» МКҚК ҚР «Білім туралы» жарлығы «ҚР Білім беру» Заңына, адам құқығының жалпы декларациясы, бала құқығы туралы конвенциясына сәйкес қызмет атқарады. Қазіргі таңда балабақшада бүлдіршіндердің толыққанды тәрбие алып, емін-еркін демалуына, физиологиялық, интеллектуалдық, психикалық дұрыс дамуына орай барлық қажетті жағдай жасалған. Балаларды оқыту мен тәрбиелеу жұмысы мемлекеттік және орыс тілдерінде өтеді.

Қазіргі таңда 10 топ жұмыс жасайды: оның ішінде 3 топ мемлекеттік тілде, ал 7 топ орыс тілінде оқытылуда. Бір кабинет «Өзін-өзі тану пәні» бойынша ыңғайластырылып құрылған, бір кабинет «Қазақ тілі және бейнелеу өнері кабинеті», информатика және ағылшын тілі кабинеті, психолог қызметкеріне арналған.

Балабақша ауласы әр түрлі гүлдермен көгалдандырылған. Әрбір топта шағын спорттық құралдар, құм салғыш, көлеңкелі веранда бар. Балабақшаның материалды техникалық базасы орташа деңгейде жабдықталған. Барлық топ бөлмелері жарық, жылы, ұйықтайтын бөлмелер балаларға көтеріңкі көңіл сыйлатындай жабдықталған, қабылдау және әжетхана бөлмелері өте таза. Ғимараттың барлық қабырғалары әдемі түстермен боялған. Музыка залы, спорт залы қажетті құралдармен жабдықталған. Әдістемелік және процедуралық кабинеттерде керекті құралдар өз орнымен жинақталған. Балабақша өртке қарсы құрал-жабдықтармен қамтылып, сақтандыру жабдықтарымен дайындалған.

Балабақшада сәйкес оқыту мен тәрбиелеу міндеттерін шешуге барлық жағдай жасалған. Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай топтар керекті құралдармен жабдықталған: жиһаз, ыдыстар, дидактикалық оқу құралдары, ойыншықтар және т.б. Мектепке дейінгі ұйымның қауіпсіздігі үшін бейне бақылау орнатылған.

Балабақшаның басымдылық бағыты:

- Балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу және оқыту
- Ата-аналар мен балалар арасында салауатты өмір салтын насихаттау
- Қазақ халқының мәдени-ұлттық мұра байлығы негізінде балаларды жеке тұлға ретінде дамыту

Жұмыс мақсаты :

Жалпыадамзат және жалпыұлттық құндылық негізінде физикалық тұрғыда дені сау, әлеуметтік және эмоционалды дамыған, негізгі құзыреттіліктерді меңгерген мәдениетті, мектепте оқуға дайын жеке тұлға тәрбиелеу.

Міндеттер:

1. Мектепке дейінгі балалардың шығармашылық бастамаларын, танымдық қызығушылығы, ақыл-ой қабілеттерін дамытуға ықпал ететін жаңа технологияларды педагогикалық процесіне енгізу.

2. Мектепке дейінгі балаларға көркем әдебиет пен мнемокесте көмегімен сөз өнерін таныстыру арқылы ауызша сөйлеудің барлық компоненттерін, олардың диалог және монология түрлері арқылы байланыстырып сөйлеу жұмыстарын дамытып, жетілдіру.

Балабақшада жас мамандармен жұмыс қарқынды жүреді. Жұмыс барысы тәлімгерлік арқылы іске асырылады, көзделген мақсат анықталып, міндеттер тұжырымдалған.

Мақсаты: Жаңадан бастаған педагогтердің үнемі өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жетілдіруге қажеттіліктерді қалыптастыру. Негізгі міндеттер:

1. Мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу шарттарын, білім беру процесін оптимизациялау бойынша ұйымдастырылған педагогикалық ұсыныстарын жетілдіру.
2. Барлық жаңадан бастаған педагогтерді білім алуға жұмылдыру.
3. Мектеп жасына дейінгі жалпы білім беру бағдарлама бөлімдеріне, педагогикалық технология мен әдістемелерге талдау.
4. Жаңадан бастаған педагогтердің кәсіби біліктіліктерін арттыруға және жетілдіруге қажеттіліктерді жүзеге асыруды қамтамасыз ету.
5. Мектеп дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу сұрақтары бойынша жаңадан бастаған педагогтерге кеңестер беруге көмектесу.
6. Педагогикалық қызметті іске асыру барысында кездесетін қиыншылықтардың шешу жолын іздестіріп, педагогтерге көмектесу.

Жылдық жоспарға сәйкес, педагогикалық тәжірибе жетілдіру барысында жас мамандар әдістемелік іс-шараларға қатысты. Жыл бойына жас мамандарға ұйымдастырылған оқу қызметтеріне практикалық және теориялық көмек көрсетілді. Балабақша жас мамандары тәжірибелі педагогтердің оқу қызметтеріне қатысып, өздерінің күнделікті оқу қызметтеріне қажетті тәжірибе жинақтады. Балабақшада педагогтердің кәсіби шеберліктерінің өсуі мен дамуына барлық жағдай жасалған. Осы мақсатта педкеңестер, семинарлар, кенестер, байқаулар, мастер класстар өткізіліп тұрады, педагогтер өз білімін арттыру бойынша жұмыс жасайды. Ағымдағы педкеңестер алға қойылған жылдық міндеттерді шешіге ықпал етті. Балабақша педагогтері аталған педкеңестерге белсенді қатысты.

Балабақшада 5- 6 жас аралығында мектепалды дайындық жұмысы іске асырылады. Балабақшада «Тіл туралы» Заңын жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік тілді үйрену бойынша жоспар жасалды. Мемлекеттік тіл балабақшада барлық топтарда жүреді. Негізгі құжаттар мемлекеттік және орыс тілдерінде рәсімделеді. Педагогикалық ұжым «ҚР Тіл туралы» Заңын іске асыру мәселесі бойынша қазақ тілі мұғалімімен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Кабинет ұлттық нақыштағы құралдармен, әдістемелік көрнекіліктермен жабдықталған. Балаларға қазақ тілін үйрету жұмысы жүйеге және жоспарға сай өткізу үшін қазақ тілі мұғалімі перспективтік жылдық жұмыс жоспарын құрды. Барлық топтарға қазақ тілі оқу қызметін бірінші санатты Жемис Бектлеуова Ильясовна жүргізеді (білімі жоғары, жұмыс өтілі 21 жыл), балаларды қазақ халқының ұлттық-мәдениетін таныстырумен қатар туған жеріне, тіліне деген құрметті басты назарда ұстайды. Кабинет талаптарға сәйкес жабдықталған: нормативтік құжаттар, ҚР рәміздері, қолөнер бұйымдары, киіз үй макеті, ойын және оқыту орталығы, балаларға арналған және әдістемелік әдебиеттер, дидактикалық ойындар, көрнекілік және үлестірмелі құралдар, ұлттық киім үлгісіндегі қуыршақтар және т.б. көрнекіліктер. Топ тәрбиешілері қазақ тілі мұғалімімен тығыз байланыста жұмыс жасайды, балалармен жеке жұмыс уақытылы өтеді., балалар кезекті тоқсандық оқыту-бақылау іс-қызметінде білімдерін көрсетті, сонымен қатар мерекелік, мәдени-жаппай іс-шараларында (ертеңгіліктер, ойын-сауықтар) балалар мемлекеттік тілде тақпақтар, өлеңдер оқып, әндер орындап, рөлдерге бөлініп, қойылымдар орындады. Қазақ тілін насихаттау барысында балабақшаға облыстық қуыршақ театры шақырылып, қазақ халқының ертегілерінен қазақ тілінде спектакль ұсынды. Ата-аналармен тығыз байланысты қамтамасыз ету үшін, балалардың қазақ тілін қаншалықты меңгергендігіне бақылау жүргізіледі, қазақ тілі мұғалімі басшылығымен барлық топтарда «Қазақ тілін үйренеміз!» бұрышы жұмыс жасайды. Ата-аналарға арналған ақпарат бұрыштарында барлық мәліметтер екі тілде жазылады. Балабақша қызметкерлеріне күннің екінші жартысында, әр аптаның сәрсенбі күні мемлекеттік тілді үйрету бойынша оқу қызметі өтеді. Тәрбиешілер мен мамандарға барлық оқу қызметтері бойынша қазақ тілінде ұсыныстар мен кеңестер беріп отырады. Қазақ тілі мұғалімі мен тәрбиеші ата-аналармен балалармен қазақ

тілін үйрету бойынша ұсыныс, кеңестер, жеке әңгіме жүргізіп отырады. Ата –аналар балаларына қазақ тілінде үйреткен өлеңдер мен тақпақтарға ерекше мән беріп, үйлерінде де қайталатып отырады. Қазақ тілі мұғалімі мен тәрбиешілер арасында жұмыс туралы жеке әңгіме, сұхбаттар жүргізіледі, балалар мен ата-аналарға арналған кеңестер мен ұсыныстар уақытылы дайындайды.

Балабақша ұжымы балалармен, ата-аналармен жыл сайын жұмыс үрдісін одан әрі дамытып, толықтырып отырады. Балабақшада әсіресе мектепалды дайындық топтардағы балалардың біліміне ерекше назар аударылады. Мектепке дейінгі ұйым Маңғыстау облыстық мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие орталығымен, ҚБББ, облыстық мұғалімдер біліктілігін арттыру орталығымен, Ақтау қалалық үйлестіру орталығымен тығыз байланыста жұмыс жасайды, олардың берген ұсыныстары мен зерттеме жұмыстарын пайдаланып отырады. Жыл бойы балабақша тәрбиешілері басқа балабақшаларда өткен ашық оқу қызметтеріне қатысып, өздеріне іс-тәжірибе жинады. Педагогтер балабақша ішкілік оқу қызметтеріне қатысып, білімдерін дамытады. Балабақшада балаларды оқыту мен тәрбиелеу міндеттерін нәтижелі шешуге барлық жағдай жасалынған. Материалды-техникалық база (дидактикалық материалдар, әдістемелік әдебиеттер, көрнекі құралдар) қамтамасыз етілген. Балалар денсаулығын нығайту мен қорғауға жүйелі жұмыстар жүргізіледі. Үнемі барлық топтарда күн тәртібінің орындалуы қамтамасыз етіліп отырады, балалардың таза ауада жүруі қадағаланады. Әр баланың жас ерекшелігіне қарай мәдени-сауықтыру және денені шынықтыру шаралары сапалы өткізу қамтамасыз етіледі. Тәрбиешілер топта ауырған баланы уақытылы белгілеп отырады, фильтр сапасына үлкен жауапкершілікпен қарайды. Жылдың басы мен соңында негізгі қимыл- қозғалыс түрлері бойынша мектепалды топтарының балалары тексеріледі, балабақшадағы барлық балаға антропометрия жүргізіледі. Әр тоқсан сайын «Денсаулық күндері», спорттық мерекелер, эстафеталар өтеді. Жылдың суық күндері балабақшада дене шынықтырудан оқу қызметі спорт залда өтеді. Балалар дене шынықтырудан оқу қызметіне кесте бойынша келеді. Жыл сайын балалардың физикалық дамуының ауытқуына түзетулер және ауырған балалардың санының азайғанына нәтижелі көрсеткіштерді байқауға болады. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуге арналған топтар әдемі жабдықталған. Балалар белсенділіктерін арттыру үшін құрастыру, қимыл-қозғалыс ойындары, сазды-театрландырылған, бейнелеу өнерінің қызметіне арналған орталықтар бар. 2020-2021 оқу қызықты және мазмұнды өтті. Жыл бойына мерекелік ертеңгіліктер, ойын-сауықтар, балаларға арналған қолөнер көрмесі, онлайн форматта балалар арасында мәнерлеп оқу байқауы, семинарлар өтті. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, балабақша ішінде спорттық іс-шаралар, ашық оқу қызметтері өтті. №9 мектепалды дайындық топтарының ата-аналары балабақшамызға арнап өз қолдарынан дайындалған «Көше кітапханасын» сыйға тартты. Балаларды қорғау күніне «Досыңа қуаныш сыйла!» акциясы, «Біздің балалық шақ» коллаж көрмесі ұйымдастырылды. Сонымен қатар, құммен ойындар, асфальт бетіне суреттер салу, «Біз –жұлдыздармыз! атты ойындары балалар үшін өте қызықты болды. Барлық ұйымдастырылған іс-шараларға тәрбиеленушілер мен тәрбиешілер белсенді қатысты. Осы оқу жылында Мырзахметова Г.Т. кәсіби біліктілігін арттыру «педагог-сарапшы» санатына берген өтініші қаралып, қазіргі таңда барлық құжаттары қалалық білім бөліміне тапсырылды.Нәтижесін күтудеміз. Педагогтер әдістемелік іс-шараларға белсенді қатысады.Әр тәрбиеші қызметтік міндеттерін жауапкершілікпен орындап, біліктілік арттыру курстарынан уақытылы өтеді. Аттестаттау бойынша педагогтермен ақпараттық-түсіндіру жұмыстары өтті. Аттестатталатын педагогтерге аттесттаудан өту туралы қабырға ілінділері дайындалып, керекті ақпаратты осы жерден алды. Әрбір педагог үнемі өзін дамытып, оқып жүруі керек. Балабақша педагогтері біліктілік арттыру курстарынан ойдағыдай өтті. Педагог Муханова Э.Т. Алматы қаласының «ЖШҰ BILIMGER GROUP» орталығынан «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асыруда әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану, үздіксіз тәрбие беру мен білім сапасын арттыру» біліктілік курсынан өтті. АҚ «НЦПК «Өрлеу» курсынан (4 педагог): «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогикалық үдерісінде дамытушы технологияларды пайдалану» - Танирбергенова Г.А., Муханова Э.Т.; «Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы әдістемелік жұмыстың ұйымдастырушылық-педагогикалық аспектілері» - Исангельдиева Р.Д., Жумабаева Ж.Е. өтті.Біліктілік арттыру курстарынан өткен мұғалімдер алған білімдерін өз қызметтерінде қолдананып, әдістемелік бірлестіктерінде есеп береді, шығармашылық топтармен жұмыс жасайды, педкеңестерге белсенді қатысып, тәжірибелермен бөліседі. Педагогтердің курстарға қатысып білім алуы , олардың кәсіби шеберліктер деңгейінің өсуіне ықпал етеді.

Педагогтер Мырзахметова Г.Т.; Бекмагамбетова Н.М. Республикалық ғылыми-әдістемелік «Білім» журналына, «Мектеп ұстаздарының әлемі» республикалық журналына «Жайлауға қонаққа барамыз», « Біз ақылды баламыз» тақырыбында ҰОҚ конспектілері жарияланды. Әдіскер Мулдахова М.И. «Мектеп ұстаздарының әлемі» журналы мен сайтына « Мнемокесте арқылы балалардың тілін дамытамыз» мақаласы жарияланды. Балабақша педагогтері «Инфосабак» жобалық сайтына ҰОҚ конспектілері мен мақалалары жарияланды. (Бекмагамбетова Н.М., Гараева Р.Т.). Жас маман Самсаденова З.А. Қалалық сырттай «Жаңғырған жас маман-2021» байқауына қатысып, «Ең үздік эссе» дипломымен марапатталды. Саз жетекшісі Сапабекова Л.Ж. басшылығымен мектепалды даярлық тобының балалары Қалалық сырттай «Тәуелсіз елдің бақытты ұрпағымыз» байқауына қатысып, ІІІ орынға ие болып, дипломмен марапатталды. Педагог Бектлеуова Ж.И. МДК кәсіподақ ұйымдары мүшелері арасында өткізілген қалалық «Тәуелсіздік тұғырым биікте» байқауына қатысып, «Ынталандыру» дипломымен марапатталды. Біздің педагогтеріміз (Бекмагамбетова Н.М., Мулдахова М.И., Кынабай Г.Ж.) Халықаралық Интеллектуалдық орталығы «Балалардың сөйлеу қызметтерінің дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында «Сана» онлайн- семинарына қатысты. Республикалық ғылыми-практикалық конференциясы «Қазақстан: Ғылым және білім»: балабақша-мектеп-колледж- ЖОО» педагог Мырзахметова Г.Т. қатысты.

Мектепке дейінгі білім беру саласында « Мнемотехника- мектепке дейінгі балалардың тілін дамытудың шығармашылық және тиімді құралы» тақырыбында қалалық оқыту онлайн вебинары өтті. Аталған вебинарда тәрбиешілер инновациялық технологиясы- мнемотехникамен танысты, мнемотехника көмегі арқылы мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту әдіс-тәсілдерімен танысты. Балабақша тәрбиеленушілері қалалық, республикалық және халықаралық сырттай балалар шығармашылық байқауына қатысып, І,ІІ,ІІІ жәрежелі дипломдармен марапатталды.

Педагогтердің өзін дамыту бойынша тақырыптары

№	педагогтің аты-жөні	қызметі	тақырыбы
1	Мулдахова М.И.	әдіскер	Қазіргі білім беру технологиялары – мектепке дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамыту құралы.
2	Бектлеуова Ж.И	қазақ тілі мұғалімі	Ойын технологияларын пайдалану арқылы мектепке дейінгі балаларға қазақ тілін үйрету.
3	Кынабай Г.Ж	тәрбиеші	Дәстүрлі емес сурет салу құралдары арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту.
4	Самсәденов А.С.	дене шынықтыру қызметкері	Мектепке дейінгі балалармен жұмыс барысында денсаулық сақтау технологиясын қолдану.
5	Татиева Б.У	тәрбиеші	Мектепке дейінгі балалармен жұмыс барысында әңгімені сипаттап құрастыруда мнемотехниканы қолдану
6	Джолдасова К.М.	тәрбиеші	Театрландырылған қызметі- балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту құралы.
7	Бекмағамбетова Н.М.	тәрбиеші	Мнемотехника әдістерін қолдану арқылы мектепке дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту.
8	Эскерова Г.З.	тәрбиеші	«Квест-ойын — бұл МДҰ қазіргі заманауи ойын технологиясы»
9	Исангельдиева Р.Д.	тәрбиеші	Дамыту ойындары арқылы балалардың ақыл-ой қабілеттерін дамыту.
10	Танирбергенова Г.А.	тәрбиеші	Мектепке дейінгі балалардың тілдерін дамытуда театрландырылған қызметінің маңызы.
11	Мырзахметова Г. Т.	тәрбиеші	Мектепке дейінгі балалармен жұмыс барысында ТРИЗ технологиясын қолдану.
12	Джалмурзаева Г.Д.	тәрбиеші	Мектепке дейінгі балалардың тілін дамытуда мнемотехниканың инновациялық әдісін қолдану.
13	Тулєпова Б.	тәрбиеші	Саусақ ойындары арқылы тілімізді дамытамыз.
14	Сисєнова Г.	тәрбиеші	Саусақ ойындары арқылы ұсақ қол моторикасын дамыту.
15	Гараєва Р.Т.	тәрбиеші	Мнемотехниканы жұмыс барысында қолдану арқылы мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту.
16	Сахратова А.А.	тәрбиеші	«Мнемотехника әдістерін қолдану арқылы балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту»
17	Кєндирбаєва М.К.	тәрбиеші	Ертегілер арқылы балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту.
18	Самсәденова З.А.	саз жетекшісі	Мектепке дейінгі балалардың музыкалық қабілеттерін балалардың музыкалық аспаптармен ойнауды үйрену барысында дамыту.
19	Каменова Сара	тәрбиеші	Театрландырылған қызметі – кіші жастағы балалардың тілін дамыту құралы.
20	Муханова Э.Т.	тәрбиеші	Мектепке дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін дамыту ойындары арқылы қалыптастыру.
21	Тауасарова А.С.	тәрбиеші	«Мнемотехника арқылы мектепке дейінгі кіші жастағы балалардың тілін дамыту»
22	Жумабаєва Ж.Е.	тәрбиеші	Ойын технологиялары – бұл мектепке дейінгі кіші жастағы балалардың интеллектуалды даму фкторы.
23	Кабанова Г.К.	психолог	Бейнелеу қызметі арқылы денсаулық технологияларын қолдану арқылы «Түзету және дамыту» тренингтерін өткізу.

II. №36 «Топотушки» балабақшасы» МКҚК сипаттама (өзгеріс)

Мектепке дейінгі кәсіпорын жоба бойынша 12 топқа есептелген, 11 топ балалардың 9- сағаттық келуімен қазақ және орыс тілінде оқытумен жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мақсатында қазақ тілі және психолог кабинеттері жабдықталып, арнайы жұмыс жасайды.

№ р/н	Топтар атуы	жасы	Топтардың жасы	Балалар саны	Оқыту тілі
1	№1 «Қарлығаш»	4-5 жас	ересектер		мемлекеттік
2	№2 «Колокольчики»	4-5 жас	ересектер		орыс тілінде
3	№3 «Дружная семейка»	3-4 жас	ортаңғы		орыс тілінде
4	№4 «Лучики»	3-4 жас	ортаңғы		орыс тілінде
5	№5 «Бота»	3-4 жас	средняя		мемлекеттік
6	№6 «Смешарики»	5-6 жас	мектепалды даярлық		орыс тілінде
7	№8 «Айгөлек»	4-5 жас	ересектер		орыс тілінде
8	№9 «Улыбка»	5-6 жас	мектепалды даярлық		орыс тілінде
9	№10 «Светлячок»	6-7 жас	мектепалды даярлық		орыс тілінде
10	№11 «Жемчужинка»	5-6 жас	мектепалды даярлық		орыс тілінде
11	№12 «Балдәурен»	5-6 жас	мектепалды даярлық		мемлекеттік

Балабақша санитарлық ережеге сәйкес аймақта орналасқан, ал балабақша ауласы 100 % пайыз көгалдандырылған. 2017 жылдың 15 ақпанынан бастап 2018 жылдың 31 наурызына дейін балабақшаға күрделі жөндеу жүргізілді.

Барлық педагогтер				білімі		Жұмыс тәжірибесі				Біліктілік санаты			
директор	әдіскер	тәрбиешілер	шағын мамандар	жоғары	орта арнаулы	5 жылға дейін	5 жылдан 10 жылға дейін	10 жылдан 20 жылға дейін	20 жылдан жоғары	жоғары	бірінші	екінші	санатсыз
1	1	18	4	13	11	7	5	5	7	5	3	4	12

III. ЖЫЛДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

- Мектепке дейінгі балаларға көркем әдебиет пен сөз өнерін таныстыру арқылы ауызша сөйлеудің барлық компоненттерін, олардың диалог және монология түрлері арқылы байланыстырып сөйлеу жұмыстарын дамытып, жетілдіру.
- Ойын технологияларын қолдану - бұл мектепке дейінгі балаларды жан-жақты дамытудың тиімді құралдарының бірі.

Педагогтердің сапалық құрамы

№	Аты-жөні	қызметі	Қандай оқу бітірді және қашан?	Мамандығы	Санаты	Пед өтілі	Курс
1	Ергизова Ольга Александровна	директор	Волгоград мемлекеттік педагогикалық университеті 1994 ж.	Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі	жоғары 2016 ж.	38,8 жыл	2016 ж.
2	Мулдахова Мугалима Ивандулаевна	әдіскер	Маңғыстау гуманитарлық колледжі 1997 ж.	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	жоғары 2018 ж.	22 ж.5 ай	2017 ж.
			«Қайнар» Университеті. Алматы 2010 ж.	педагогика және психология			
3	Бекмагамбетова Нуржамал Муратхановна	тәрбиеші	Б.Сейтаков Дашховуз педучилищесі 1995 ж.	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	II санат 2017 ж.	19 ж. 8 ай	2019 ж.
4	Гараева Раксана Табризовна	тәрбиеші	Азербайджан Мемлекеттік Педагогикалық Университеті 2009 ж.	мұғалім	II санат 2019ж.	9 ж. 9 ай	2020 ж.
5	Бектлеуова Жемис Ильясовна	Қазақ тілі мұғалімі	РМҚК "Ш.Есенов атындағы Ақтау университеті 2003 ж.	Қазақ тілі және қазақ әдебиеті	I санат 2016 ж.	21 ж. 10 ай	2016 ж.
6	Сахратова Асиям Акбаржановна	тәрбиеші	«Дарын» Алматы әлеуметтік институты 2002 ж.	ағылшын тілі мұғалімі	II санат 2020 ж.	14 ж. 5 ай	2019 ж.
7	Кынабай Гульмира Жолдаскалиевна	тәрбиеші	Маңғышлақ педагогикалық училищесі. 1991 ж.	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	жоғары 2016 ж.	29 ж. 2 ай.	2019 ж.
8	Джолдасова Кунсауле Мамутовна	тәрбиеші	Маңғышлақ педагогикалық училищесі. 1992 ж.	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	с/ж	12 ж. 9 ай.	2019 ж.
9	Татиева Балсан Узаконна	тәрбиеші	Ажанияз атындағы Нөкіс Мемлекеттік педагогикалық институты. 1996 ж.	Мектепке дейінгі педагогика мен психология	I санат 2016 ж.	28ж. 1 ай.	2018 ж.

IV.Работа с кадрами

№ р/н	Жұмыс мазмұны	мерзімі	жауапты
1	ҚР нормативті құжаттарын және ҚР президенті Н.Ә Назарбаевтың жарғысын оқыту	үнемі	директор
2	Біздің еліміз бен сыртқы мемлекетте болып жатқан қажетті жаңалықтарды оқыту	үнемі	әдіскер
3	Педагогтерді біліктілік көтеру курстарына, жетістіктер апталығына, қалалық және облыстық семинарларға қатысуды қамтамасыз ету.	үнемі	директор
4	Қалалық, облыстық курстарға, халықаралық байқауларға, семинарларға жүйелі қатысу	үнемі	әдіскер
5	Әрбір тәрбиешімен бағдарламаны терең үйренуді қамтамасыз ету. Жылдық міндеттер мен әдіс-тәсілдер бойынша жиналыс өткізу	қыркүйек	директор, әдіскер
6	Әкімшілік пен еңбек ұжымының бірлескен отырысы	қажетті болса	директор
7	Жаңа әдістемелік әдебиеттер мен ағымдағы басылымдарға шолу	ай сайын	әдіскер
8	Өндірістік кеңес	тоқсан сайын	директор шаруаш. меңг.
9	Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау	жыл бойына	директор, әдіскер, шығармашылық тобы

V. ҚР «Тілдер туралы» Заңының орындалу іс-шаралары 2021-2022 оқу жылы

№ р/н	Жұмыс мазмұны	мерзімі	жауапты
1.	Негізгі құжаттарды екі тілде хаттау	үнемі	директор
2.	Ата-аналарға арналған ақпараттарды екі тілде хаттау	үнемі	әдіскер
3.	Барлық ілінділері мен қабырға кестелерін екі тілде хаттау	апта сайын	тәрбиешілер директор
4.	Қазақ тіліндегі газеттер пен журналдарға жазылуды ұйымдастыру.	апта сайын	қазақ тілі мұғалімі
5.	«Сәрсенбі - қазақ тілі күні!» - қызметкерлердің балалармен қазақ тілінде сөйлесуі	жыл бойы	қазақ тілі мұғалімі
6.	«ҚР Тілдер туралы» Заңының орындалу жұмысын көрнекілік насихаттау материалдарынан көру.	жыл бойына	тәрбиешілер қазақ тілі мұғалімі
7.	«Қазақ тілін үйрену бойынша практикалық кеңестер» тәрбиешілерге ақпарат	үнемі	қазақ тілі мұғалімі
8.	Көрнекі үгіт материалдарында «Қазақстан Республикасының тілдері туралы» Заңының орындалуы бойынша жұмыстардың көрінісі	мамыр	қазақ тілі мұғалімі
9.	Мерекелер мен ертеңгіліктер қойылымын құрғанда, қолданылатын әуенді және көркем сөздер қазақ және орыс тілдерінде теңдей қатынаста болу керек.	мамыр	қазақ тілі мұғалімі тәрбиешілер. қазақ тілі мұғ.
10.	«Мемлекеттік тілді үйренеміз және балаға тілді қалай үйретеміз?» Кеңестер, ұсыныстар, ата-аналарға жадынама	мамыр	қазақ тілі мұғалімі тәрбиешілер. қазақ тілі мұғ.
11.	Халық фольклорымен таныстыру (ертегілер, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, ойындар, әндер)		
12.	Қазақстан халықтар күні		
13.	«Ойын ойнап, өсеміз!» қазақтың ұлттық ойындарымен танысу		

VI. Аттестаттау іс-шаралар жоспары

№ п/п	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1.	Біліктілігін көтергісі келетін педагогтердің тізімін дайындау және бекіту	25.05.2021ж. дейін	аттестаттау комиссиясының төрайымы
2.	2021-2022 оқу жылына аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту	IX	директор
3.	Аттестатталатын педагогтерді педагог қызметкерлерді аттестаттау ережелерімен таныстыру	IX	аттестаттау комиссиясы
4	Аттестатталатын педагогтерге практикалық көмек көрсету	IX-II	Шығармашылық тобы, әдіскер
5.	Аттестаттау комиссиясының жұмысы: а) аттестатталатын педагогтермен әңгіме б) тестілеуге қатысу в) шығармашылық есеп Нәтиже: аттестатталатын педагогтің шығармашылық папкасы	X-XI	аттестаттау комиссиясы
6.	Аттестаттау комиссиясының жұмысы: Ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысу құжаттармен танысу аттестаттау парағын толтыру аттестатталатын педагогті аттестаттау материалымен таныстыру аттестаттау комиссиясының қорытынды отырысы	XI-III III дейін III	аттестаттау комиссиясы
7.	АҚББ аттестатталатын педагогтер тізімін тапсыру	уақытылы	әдіскер

VII. Жас мамандармен жұмыс

Мақсаты: Жас мамандар мен тәжірибесі аз педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру, теориялық білімдерін практикаға енгізу.

Тәлімгер педагогтер: Бекмағамбетова Н.М., Татиева Б.У., Мырзахметова Г.Т., Мулдахова М.И.

Жас мамандар: Сисенова Г.А., Каменова С., Кендирбаева М.К., Самсәденова З. А., Тауасарова А.С.

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1.	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымында оқу-тәрбие процесін жоспарлау»	қыркүйек	әдіскер
2.	Кеңестер: «Жас тәрбиешіге кеңестер»	қазан	әдіскер
3.	«Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша балалардың дағдыларын дамыту мониторингін өткізуге ұсыныстар»	үнемі	Әдіскер, шығармашылық топ
4.	Кеңестер «Ата-аналармен жұмыс».	қазан	Тәлімгерлер, шығармашылық топ
5.	«Дене шынықтыру және музыка оқу қызметтерінде тәрбиеші рөлі».	қараша	Әдіскер, шығармашылық топ
6.	Шебер -класс: «Мектепке дейінгі балалардың тілін дамытуға арналған қазіргі заманауи білім беру технологиялары».	қаңтар	Әдіскер
7.	«Тәрбиешінің қарым-қатынасы мен тәртібінің ережесі».	тоқсан сайын	Шығармашылық топ, тәлімгер
8.	Кеңестер «Топтағы күрделі жағдай және оның шешімін табу».	желтоқсан	
9.	«Ойындар ұйымдастыру мен оны басқару», «Сюжетті-рөлдік ойындар ұйымдастырудың ерекшеліктері»	жыл бойына	Тәлімгерлер, шығармашылық топ
10.	Шебер - класс «Мектепке дейінгі балалардың ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған ойын технологияларын қолдану».	ақпан	Әдіскер, шығармашылық топ
11.	Кеңестер: Балалар арасында достық қарым-қатынас тәрбиесі туралы тәрбиешілерге кеңестер»	наурыз	әдіскер

Өндірістік кеңестер

№ р/н	Жұмыс мазмұны	мерзім	жауапты
1.	- Жазғы сауықтыру іс-шаралары - ҚР білім Министрствасының « Мектепке дейінгі ұйымдарда балалар денсаулығын сақтау және өмірін қорғау» 13.01.1998ж. бұйрығының орындалуы 2018-2019 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту	нұсқау	директор әдіскер
2.	- Ішкі еңбек тәртібінің ережелері мен тәртіп ережелерін қадағалау - Санитарлы – тазалық нормаларын қадағалау, балалардың тамақтануын ұйымдастыру. - Өрт қауіпсіздігін қадағалау - Антитеррористік қауіпсіздік ережелерін қадағалау	желтоқсан нұсқаулық	директор, шаруаш. меңг. мейірбике, әдіскер
3.	- МДҰ жұмыс тәртібінің құрылымына, мазмұны мен ұйымдастырылуына қойылатын санитарлық талаптар. - МДҰ тамақтану нормасының орындалуы туралы	ақпан дөңгелек үстел	директор мейірбике шаруаш. меңг.
4.	- Жазғы сауықтыру іс-шаралар жоспарын бекіту - Жаз мезгілінде балалар өмірі мен денсаулығын қорғау - Демалыс кестесін бекіту	дөңгелек үстел	директор мейірбике әдіскер

Әдістемелік жұмысы

№	Педкеңестер тақырыбы	мерзімі	жауапты
1	№1 Педкеңес Орналастыру (дөңгелек үстел) « 2021-2022 оқу жылында педагогикалық ұжымның қызметін үйлестіру» Мақсаты: педагогтерді жаз мезгіліндегі балабақша қызметінің қорытындысымен таныстыру, жаңа оқу балабақша қызметінің жоспарын бекіту. Педагогтердің кәсіби дайындығының деңгейін көрсету, топ болып жұмыс жасауға үйрету, ұйымдасып жұмыс жасауын дамыту, өз ойын ортада айтуға үйрету. - Жазғы сауықтыру жұмысына талдау - Жаңа оқу жылының жылдық жоспарын бекіту - Мамандардың жұмыс жоспарын, вариативтік компоненттік жоспарын бекіту - 2021-2022 оқу жылына балабақша жұмысының жоспарын бекіту	тамыз	директор әдіскер
2	№2 Педкеңес « Білім беру процесінде инновациялық технологияларды қолдану» Мақсаты: Оқу-тәрбие процесіне ҰОЖ енгізуде инновациялық педагогикалық технологияларды қолданудың маңыздылығын арттыру; Жұмыс тәжірибесінің тұсаукесері: МДҰ ойын технологиялары. • Мектепке дейінгі балаларды оқытуда дамыту технологиялары (тұсаукесер). • Шебер - класс «Ұсақ моторика элементтері арқылы ойын технологиясы».	қараша	директор әдіскер
3	№3 Педкеңес "Тіл дамыта отырып, интеллект арттырамыз!" • Алдыңғы педкеңес шешімінің орындалуы. • Педагогтерге арналған тұсаукесер « Презентация для педагогов «МДҰ сөйлеу қызметін табысты дамытудың шарттары» • Кеңес «Мектепке дейінгі балалардың тілін дамытуда кездесетін мәселелер. Тәрбиешінің сөзі- еліктеу үлгісі • Мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту бойынша дидактикалық ойын көрнекіліктер тұсаукесері • Педагогтерге арналған іскерлік ойын « Күнбағыс» (командамен)	ақпан	директор әдіскер тәрбиешілер
4	№4 Педкеңес «Қызметкерлердің шығармашылық кездесуі» (дөңгелек үстел) Мақсаты: МДҰ қызметінің нәтижелері мен қызметкерлердің өткен жылдағы жұмысының қорытындысын шығару. Педагогтердің жұмыс нәтижелерін талдау, келесі жылға арналған іс-әрекеттерді болжау қабілеттерін жетілдіру. • Жылдық жоспардың орындалуын талдау, педагогтердің әдістемелік жұмысына қатысуы • Балалар ауруларын талдау. • Бір жылға дене сауықтыру жұмысына талдау. • Жазғы –сауықтыру мезгіліне жұмыс жоспарын бекіту. • «Жаз мезгілінде мектепке дейінгі кәсіпорында оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру»	мамыр	директор әдіскер

Кеңестер

№ р/н	Жұмыс мазмұны	мерзімі	жауапты
	Тәрбиешілерге: «Қарым-қатынас барысында балалардың диалог арқылы сөйлеуін қалай дамытуға болады?» «Сөйлеу және қазіргі заманауи білім беру технологиялары» «Мектепке дейінгі балаларға арналған дамыту және шығармашылық ойындары» «Мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту бойынша жұмыс барысында «синквейн» технологиясын қолдану» «Мектепке дейінгі балалардың әлеуметтенуіне ойын технологиясының әсері - Мектепке дейінгі балалардың тілін ойын технологиялары арқылы дамыту.	қыркүйек қазан желтоқсан қаңтар наурыз сәуір	шығармашылық топ әдіскер

Ашық көрсетілімдер

№	Тақырыбы	мерзімі	жауапты
1.	Педкеңестерге: №11 мектепалды даярлық тобында тіл дамытудан ҰОҚ №10 мектепалды даярлық тобында сауат ашу негіздері бойынша ҰОҚ №8 ересектер тобында қоршаған ортаны таныстыру бойынша ҰОҚ №12 ересек тобында сурет салудан ҰОҚ №5ортаңғы тобында математика негіздері бойынша ҰОҚ №1 мектепалды тобында ТРИЗ технологиясы бойынша ҰОҚ №12 мектепалды даярлық тобында көркем әдебиет бойынша ҰОҚ	қазан қараша қаңтар ақпан қараша қаңтар сәуір	әдіскер шығармашылық топ топ тәрбиешілері
2.	Семинарға: №3 ортаңғы тобында ҰОҚ №4 ортаңғы тобында ҰОҚ	қаңтар	
3.	Жетістіктер апталығына: - Педагогикалық жетістік шеберханасы - Барлық топтардың қорытындысы	ақпан сәуір- мамыр	топ тәрбиешілері шағын мамандар

Әдістемелік кабинетінің жұмысы

«Мектепке дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру үшін инновациялық білім беру технологияларын енгізу»

Мақсаты: Тәрбиелеу мен білім беру процесін жетілдіру үшін педагогтердің шығармашылық бастамасын дамыту және іске асыру.

Шығармашылық тобының мүшелері: Кынабай Г.Ж., Бектлеуова Ж.И., Эскерова Г.З., Джолдасова К.М.

№	Жұмыс мазмұны	мерзімі	жауапты
1.	Топ құрамын бекіту Бір жылға шығармашылық тобының жоспарын талқылау және бекіту.	тамыз	директор
2.	Дәстүрлі емес сурет салу техникасы бойынша вариативтік компонентінің перспективтік жоспарын құру.	тамыз-қыркүйек	әдіскер тәрбиеші Кынабай Г.Ж.
3.	Барлық ұйымдастырылған педагогикалық іс-шаралар мен мерекелерге, ойын-сауықтарға қатысу	үнемі	директор
4.	Тақпақтар байқауының ережесін құру, жасанды бұйымдар мен балалар суреттер көрмесін ұйымдастыру	жыл бойына	бейнелеу қызметкері, шығармашылық тобы
5.	Мәнерлеп оқу, суреттер, жасанды бұйымдар дайындау байқауының ережесін құру және бекіту	қаңтар	әдіскер, шығармашылық тобы
6.	Семинар-практикум: «Мектепке дейінгі балаларға тіл дамытудан дидактикалық ойындар»	желтоқсан-қаңтар	әдіскер, шығармашылық тобы
7.	Ата-аналарға кеңестер: Тақырыбы: Мектепке дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытуда ойындардың рөлі	ақпан	әдіскер, шығармашылық тобы
8.	Ата-аналарға кеңестер: Тақырыбы: «Ойын арқылы әлем танимыз!»	қаңтар	Шығармашылық тобы
9.	Ата-аналарға шебер-класс «Мектеп жасына дейінгі балалардың үйлесімді сөйлеуін дамытуда инновациялық технологияларды қолдану»	ақпан	әдіскер, шығармашылық тобы
10.	Байқау өткізу: Театр-ғажайып әлемі (ата-аналармен бірге)	сәуір	воспитатели всех гр..
11.	Үлкендер мен балалардың бірлескен шығармашылығы: Өз қолдарымен жаңа жылдық ойыншықтар дайындау.	желтоқсан	шығармашылық тобы
12.	«Дәстүрлі емес сурет салу әдістері арқылы балалардың ұсақ моторикасын дамыту» ата-аналармен шебер-сынып.	наурыз	шығармашылық тобы
13.	Дәстүрлі емес техникасы бойынша балаларға арналған суреттер байқауы «Түпнұсқа мотиві»	сәуір	шығармашылық тобы
14.	Мектепке дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту бойынша мнемокесте жасау.	жыл бойына	шығармашылық тобы
15.	Ата-аналар жұмысына ұсыныстар мен жадынама дайындау.	жыл бойына	шығармашылық тобы
16.	Обл ҰЖИ кәсіби біліктілік арттыру курстарын оқу	жыл бойына	әдіскер, шығармашылық тобы
17.	Шығармашылық тобының есебі	мамыр	директор

VIII. Бақылау және басшылық

Мақсаты: балалармен оқыту-тәрбиелеу жұмысының сапасын қамтамасыз ету.

мерз імі	Бақылау мазмұны	мақсаты	түрі	әдіс	Кім бақылайды?
VIII	2021-2022 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыруға топтардың дайындығын тексеру. Барлық жастағы топтарда заттық-дамыту орталығын ұйымдастыру.	Білім беру процесінің барлық қатысушылары-педагогтердің, ата-аналардың (занды өкілдер), балалардың бір-бірімен тиімді қарым-қатынастарын қамтамасыз ету	сауалнама	Топтарға қатысу	директор әдіскер мейірбике
X	Педагогикалық кадрлардың құжаттарының жағдайы	МДҰ білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі формасы ретінде тәрбиешінің ағымдағы құжаттарының жағдайын анықтау	сауалнама	Топтарға қатысу	директор, әдіскер
XI	Мектепке дейінгі балалардың тілін дамытуда педагогикалық технология-мнемотехниканы қолдану.	Мектеп дейінгі балалардың сөйлеуін дамытуда педагогикалық технология - мнемотехниканы қолдану бойынша МДҰ оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін анықтау.	тақырыптық	Оқу қызметтеріне қатысу	директор әдіскер
XII	Күні бойы тәртіп кезеңдерін ұйымдастыру және өткізу	Санитарлық ережелер мен нормативтік талаптарына сәйкес тәртіп кезеңдерін ұйымдастыру және қадағалау	обзорный	қадағалау және талдау	директор, әдіскер, мейірбике
I	Күні бойы тәртіп кезеңдерін ұйымдастыру және өткізу	МББС санитарлық ережелер мен нормативтерінің талаптарына сәйкес күн тәртібін қадағалау	обзорный	Топтарға қатысу	директор, әдіскер, мейірбике
II	Мектепалды даярлық тобында оқу-тәрбие процесін талдау	«УВП жағдайы» сұрағы бойынша мектепалды даярлық тобының әдістемесі талаптарының сәйкестігін тексеру	жаппай	Топтарға қатысу	директор, әдіскер
III	Кіші және ортаңғы топтарындағы балалардың өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыру	Мектепке дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру бойынша МДҰ оқу – тәрбие жұмысының тиімділігін анықтау	оперативтік	посещение групп	директор, әдіскер, мейірбике
IV	Оқу-тәрбие жұмысының жағдайы мен жоспарларының болуын талдау	МДҰ оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізгі формасы ретінде топтардағы педагогтердің жұмысын жоспарларын анықтау	оперативтік	Шағын мамандардың ҰОҚ	директор, әдіскер
V	Тәрбиеленушілердің отбасыларымен ынтымақтастықтың көрнекілік формалары	Педагогикалық ұжымның тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара іс-әрекетін ұйымдастыру жолдарын талдау	оперативтік	Топтарға қатысу құжаттарды тексеру	директор, әдіскер

Ұйымдық-педагогикалық жұмысы

№	Жұмыс мазмұны	мерзімі	жауапты
1.	Күнтізбелік мерекелер: - «Білім күні» - Қазақстан халықтарының тілдер күні Қала күніне орай спорттық іс-шара -Ақтау-менің сүйікті қалам!- мектепалды даярлық тобы - «Күз әні» ҚР Тәуелсіздік күніне орай мерекелік іс-шара «Қазақстан-менің Отаным!» - Жаңажылдық мереке «Жаңа жылдық қызықтар» - 8 наурызға мерекелік бағдарлама - Көңілді көктем - «Наурыз-жыл басы» - Қалалық «Жауқазын» фестиваліне қатысу - Қазақстан-ортақ үйіміз - Ұлы Жеңіс күнін ұмытпаймыз! - Жеңіс күні «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» - Мектепке «Қош бол, балабақша!» - 1 маусым – Балаларды қорғау күні!	қыркүйек қазақ қараша желтоқсан наурыз наурыз сәуір сәуір мамыр мамыр маусым	әдіскер саз жетекшісі тәрбиешілер инструктор
2.	Суреттер байқауы - «Менің сүйікті қалам- Ақтау»» «Біз және біздің жолдар»	жыл бойына	тәрбиешілер Шығармашылық топ
3.	Фотокөрме «Біздің анамыздың бала кезі» «Шынықсаң, шымыр боласың»	наурыз сәуір	Шығармашылық топ
4.	Суреттер мен жасанды бұйымдар көрмесі: Алтын күз мозайкасы ҚР Тәуелсіздік күніне орай көрме- Біздің Отанымыз –Қазақстан!»		дене шынықтырушы тәрбиеші
5.	Ойын-сауық кешені	Ай сайын	шығармашылық топ
6.	Денсаулық күні: «Дәрумендерге қонаққа барамыз!» «Аязда біз тоңбаймыз, өйткені біз мықтымыз!»	Ітоқсан	дене шынықтырушы
7.	«Жалқаубекпен денсаулық күні» «Күзгі калейдоскоп» «Ақшақарлар патшалығы» «Көктемді қарсы аламыз, Мыстан әжейге көмектесеміз!»	ІІ тоқсан ІІ тоқсан	әдіскер
8.	Отбасылық шығармашылық байқауы «Менің есімімнің алғашқы әрпі»; - Керек емес материалдардан костюмдердің экологиялық байқауы «Қалдық материалдардан сән» - Күзгі қалпақтардан отбасылық байқау	Ітоқсан ІІ тоқсан ІІ тоқсан в жыл бойына	әдіскер шығармашылық топ

IX. Балабақша мен мектеп арасындағы ынтымақтастық жұмысының жоспары

№ р/н	Жұмыс мазмұны	мерзімі	жауапты
1.	Мектепке саяхат: -кітапханамен, спорт залымен, акт залымен таныстыру -мектеппен,сыныппен танысу -тәрбиеленушілердің мектеп туралы ұғымын кеңейту; -тәрбиешілерді бірінші сыныптарды оқыту және тәрбиелеу бағдарламасымен таныстыру	қыркүйек	әдіскер
2.	Сабақтастықты қадағалау мақсатында оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу бойынша жұмыс тәжірибесімен бөлісу	қазан	директор
3.	Өзара кеңес беру - балаларды тәрбиелеу мен оқыту бойынша кеңес беру қызметтерін ұсыну	қараша	директор
4.	Мұғалім мен мектеп туралы әңгіме; Мұғалім мамандығы туралы әңгіме-сұхбат	қараша	тәрбиешілер әдіскер
5.	- мұғалімге құрмет көрсетуге тәрбиелеу, тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігін дамыту;	жыл бойына	директор әдіскер
6.	Мектеп туралы тақпақтар жаттау, әңгімелеп беру;		
7.	Балабақшаға көмек ұсынуды ұйымдастыру:		
8.	- Сенбі күндері балабақша аумағына тазалық жүргізу - Балаларды көңілдендіреміз! (ересек топтарының балалары кіші топтарға сахналық көрініс көрсетеді)	қаңтар	әдіскер
9.	Тәрбиешілер мен мұғалімдер бір-бірімен өзара қарым-қатынас жасап, балалардың оқу қызметтеріне, бастауыш сыныптағы балалардың сабақтарына қатысу;		
10.	Бастауыш сынып мұғалімдері және тәрбиешілер арасында дөңгелек үстел - балабақша түлектерінің дайындық деңгейі - бұрынғы түлектердің жетістіктері	мамыр	әдіскер

Х. Балалар денсаулығын нығайту және өмірін қорғау.

№ р/н	Жұмыс мазмұны	мерзімі	жауапты
1.	Барлық топтарда күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз ету, балалардың таза ауада болуын, тамақтану тәртібін ұйымдастыру.	үнемі	директор аға мейірбике
2.	Дене тәрбиесі, сауықтыру іс-шараларын өткізуге сапалы медициналық, педагогикалық бақылауды қамтамасыз ету, әрбір балаға жеке ерекшелігінің есебіне қарай шынықтыру процедурасын жүргізу.	үнемі	аға мейірбике әдіскер
3.	Тәрбиешілерге фильтр сапасы үшін жауапкершілік тапсыру, ауырған балаларға уақытында қорытынды жасау.	үнемі	тәрбиешілер мейірбике
4.	Балалардың жеке тұрғыда дамуын тексеру және антропометрия жасау	үнемі	мейірбике
5.	Топтар мен спорт залын жаңадан дене шынықтыру құрылғыларымен толықтыру.	жыл бойына	директор
6.	Оқу қызметінен бос уақытта қимыл-қозғалыс белсенділіктерін ұйымдастыру	үнемі	тәрбиешілер
7.	Уақытылы егулер жүргізуді қадағалау, диспансердегі ауырған балаларды тексеру	үнемі	мейірбике
8.	Жұқпалы аурулар кезінде эпидемиялық іс-шаралардың орындалуын қатаң бақылау	үнемі	мейірбике
9.	Жаз мезгілінде денені сумен жуу, жалаңаяқ жүру, күн және таза ауа ванна түрлерін кезектестіріп пайдалану.	үнемі	мейірбике әдіскер
10.	Шағын мамандар мен дәрігерге балаларды тексертіп отыру.	июнь- август	мейірбике
11.	Топтар мен асхана орталығына бақылау жүргізу		мейірбике
12.	Персоналдың жеке тазалығына бақылау		
13.	Жұқпалы аурулар бойынша құжаттарды тиінақты жүргізу	жыл бойына	мейірбике
14.	Топтарда ауырған балалар санына талдау жүргізу, олардың азаюына бақылау жүргізу	үнемі	мейірбике
15.	Тәрбиеленушілердің денсаулығын қадағалап және ата-аналардың өмірін қорғау мақсатында іс –шаралар ұйымдастыру және өткізу	үнемі	мейірбике
16.	Педагогтерге кеңестер өткізу	үнемі	тәрбиешілер
17.	Ағымдағы сұрақтар бойынша ата-аналарға кеңестер беру	үнемі	

XI. Ата-аналармен жұмыс

№	Жұмыс мазмұны	мерзімі	жауапты
1.	Жалпы ата-аналар жиналысы:	Қыркүйек мамыр жыл бойына	директор
2.	Топтық ата-аналар жиналыс өткізу;		директор
3.	Тақырыптық апталық, балалар жұмысының көрмесін өткізу, ата-аналардың аталған іс-шараларға қатысуын ұйымдастыру;		барлық топтардың тәрбиешілері
4.	Үш жастағы балалардың тәрбиесіне бірінғай әдіс қолдануды іске асыру;	қазан	директор, әдіскер
5.	Балабақша ғимаратынын көгалдандыру іс-шараларын бірлесіп ұйымдастыру;		
6.	Көрнекіліктер арқылы балалардың оқу-тәрбие жұмысын қамтамасыз ету (көрмелер, жылжымалы папкалар, ата-аналар бұрышы, қабырға ілінділері)	қараша	тәрбиешілер
7.	Ата-аналардың спорттық шараларға, денсаулық күндеріне қатысуы.	жыл бойына	әдіскер
8.	МДҰ заттық-дамыту орталығын ұйымдастыруға ата-аналарды жұмылдыру;		шығармашылық топ
9.	Кеңестер: - Ұсақ моториканы дамыту – бұл кіші жастағы балалардың тілін қалыптастыру құралы; - Білім беру және тәрбиелеу процесінде ойын технологияларын пайдалану; - Балаларды қарым-қатынас жасауға үйрету; - Мектепке дейінгі балаларды дамытуда отбасы рөлі; - Мектепке дейінгі балалардың ойлау және тілін дамытуға арналған ойындар; - Балалармен бірге сурет саламыз. Дәстүрлі емес сурет салу техникалары - Баланы мектепке дайындау;		
10.	Балабақша дәстүрлері: - МДҰ іс-шараларына ата-аналарды қатыстыру; - балабақша ауласын көгалдандыру; - балабақша сенбіліктерін өткізу;		әдіскер
11.	Ата-аналар мен балалардың бірлескен іс-әрекеті; - МДҰ, ҚБББ ұйымдастырған көрмелерге (сурет салу, қолөнер) ата-аналарды қатыстыру; - Мерекелер мен жарыстырды бірлесіп ұйымдастыру; - Әр түрлі деңгейде өтетін байқауларға қатысу;		тәрбиешілер, шығарм.топ
12.	Топтарда ақпараттық қабырға ілінділерін безендіру;		тәрбиешілер

ХІІ. Балабақшаның материалдық- техникалық базасын нығайту.

№ р/н	Жұмыс мазмұны	мерзімі	жауапты
1	Дәрі-дәрмектер, керекті құралдар алу.	жыл бойына	директор, аға мейірбике
2.	Асхана ыдыстары мен топтарға керекті ыдыс-аяқтар алу.	қажеттілікке қарай	директор, шаруашылық менгерушісі
3.	Жууға қажетті құралдар алу	қажеттілікке қарай	
4.	Сүлгілер мен төсекке қажетті жұмсақ мүліктер алу	қажеттілікке қарай	
5.	Топтардағы шағын педкабинеттерді балалар әдебиетімен, ғылыми, әдістемелік әдебиеттермен толықтыру.	қажеттілікке қарай	директор
6.	Серуенде қимыл-қозғалыс ойындарын ойнауға арналған спорттық құралдарды толықтыру.	қажеттілікке қарай	директор, шаруашылық менгерушісі
7.	Қазақ тілі кабинетін халықтың қол өнер бұйымдарымен толықтыру.	жыл бойына	шаруашылық менгерушісі
8.	Балабақша ауласына ағаштар, көшеттер, гүлдер отырғызу	сәуір	
9.	Ойыншықтар мен дамыту ойындарын толықтыру	жыл бойына	директор
10.	Балалар жиһаздарын алу	қажеттілікке қарай	
11.	Ас алу бөліміне құрылғылар алу;	қажеттілікке қарай	
12.	Ескі ағаштарды кесу, қысқарту;	қажеттілікке қарай	
13.	Жаз мезгіліне дайындық (учаскелер мен құмсалғыштарға жөндеу жүргізу)	көктем	
14.	Өрт сөндіргіштердің дайындығын тексеру (қайта зарядтау);	қажеттілікке қарай	

ХІІІ. Әкімшілік - шараушылық жұмысы

№ п/п	Жұмыс мазмұны	мерзімі	жауапты
1	Қызметкерлер штатын бекіту және топтарды орналастыру.	тамыз-қыркүйек	директор, шаруашылық меңгерушісі
2.	Қыс мезгіліне дайындық (жылу жүйесі, ғимаратты жылыту, терезелерді жаңарту).	қазан	
3.	Технологиялық құрылыстарды жөндеуден өткізу	маусым-тамыз жыл бойы	директор, шаруаш. меңг. ш/меңгерушісі
4.	Азық-түліктердің сапасын бақылау.	үнемі	мейірбике
5.	Балабақшадағы ғимарат бөліктерінің жағдайын бақылау.	жыл бойы	директор, шаруаш. меңг.
6.	ТҚ нұсқаулығы, өрт қауіпсіздік ережелері, балалар өмірін қорғау және денсаулықтарын нығайту.	үнемі	завхоз, әдіскер
7.	Барлық материалды –жауапты қызметкерлердің жұмысын, топтардағы қажетті заттардың сақталуын бақылау.	жыл бойы	директор
8.	Сенбіліктер ұйымдастыру	жыл бойы	шаруаш. меңг.
9.	Демалыс кестесін бекіту		директор, шаруаш.меңг.
10.	Балабақша ғимаратын жағдайын жақсарту. Балабақша учаскелерін көгалдандыру, гүлдер отырғызу.	сәуір-тамыз	директор, ш/меңгерушісі
11.	Жаңа жылдық мерекелерді ұйымдастырыру кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау.	желтоқсан	
12.	Келісім-шарттармен жұмыс: - қызметкерлермен; - ата-аналармен (занды тұлғалармен); - ұйымдармен;	үнемі	директор

XIV. Санитарлық –ағарту жұмысы.

№ р/н	ЖҰМЫС МАЗМҰНЫ	мерзімі	жауапты
1.	Кіші қызмет ету персоналы: Әңгімелесу: - МДК балаларды қабылдау және келу ережелері, таңертеңгі сүзгі, термометрия, МДК балаларды бейімдеу; - Карантин кезінде ғимарат ішін дезинфекциялауға арналған құралдар дайындау және ыдыс-аяқтарды тазалаудан өткізу; - Күз, қыс айларындағы серуендер мен желдету тәртібі; - Жаппай тазалықтар өткізу;	Жыл бойына	мейірбике
2.	Санбюллетень: COVID -19 , тұмау профилактикасы-19, Тұмауға қарсы егудің маңызы Балалар жарақатының профилактикасы «Күрт ауру профилактикасы» «Тістеріміз мықты болсын!»	Жыл бойына	мейірбике
3.	Ата-аналарға кеңестер: «Баланы тамақтандыру» «ОРЗ кезіндегі нүктелік уқалау» «Балаларымыздың денсаулығы мықты болсын!» « Уақытылы ас ішпеу туралы» «Отбасы күрт ауруы туралы білуі керек!»	Жыл бойына	мейірбике
4.	Тәрбиешілерге кеңестер: «Балабақшаға бейімделу кезінде денсаулық қорғау» Балаларды тазалық дағдыларына тәрбиелеу, COVID профилактикасы Алғашқы көмек көрсету «Ротавирустік инфекция» « Тұмау және ОРВИ. Айырмашылығы қандай?»	Жыл бойына	мейірбике